

3 Бухтеева Е.Е. Мониторинг как система оценки качества / Е.Е.Бухтеева // Актуальные проблемы современной науки. — 2005. — № 5 — С. 5–8.

4 Государственная программа развития технического и профессионального образования в Республике Казахстан на 2008–2010 годы. — Астана: Юрист, 2008. — 15 с.

5 Махмутов М.И., Ибрагимов Г.И. Педагогические технологии развития мышления. — Казань: Татарское книжное изд-во, 1993. — 189 с.

П.З.Ишанов, М.Р.Әмірбекова

Мамандардың кәсіби дайындығы үдерісін сапалық басқару және мониторингтік іс-әрекеттің технологизациясы

Мақалада білім беру жүйесінің техникалық және кәсіби білім беру мекемелеріндегі болашақ мамандарды даярлау процесінде мұғалім іс-әрекетін мониторинг арқылы бақылау, мониторингтің негізгі мақсаты мен қызметтері, міндеттері, принциптері, талаптары, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру мен басқару мәселелері кенінен талқыланған және де болашақ мамандарды даярлауда инновацияларды қолдану, білім беру сапасын көтеру мақсатында жана педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі жөнінде баяндалған.

This article addresses the monitoring of teaching management and control identifies goals objectives and main function monitoring pedagogical process of vocational schools, focuses on the implementation by monitoring the activities of new pedagogical techniques of training future professionals. The basic attention is given on control of activity of the teacher in the course of preparation of the future experts in technical and vocational training, and also efficiency of introduction of innovative technologies in improvement of quality of preparation of experts is shown.

ӘОЖ 378.17

Е.Б.Омаров

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Жоғары оқу орындарының тәрбиелеу істері мен ұйымдастыру құрылымдарының негізгі бағыттарын талдау

Мақалада әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару үрдісінің маңызын талдау арқылы, жоғары оқу орнындағы тәрбиелеудің міндетін шешудегі басқарушылық әрекеттердің топтаулары қарастырыла келіп, студенттерді тәрбиелеудегі әдістер мен ұйымдастыру түрлері анықталды. Тәрбиелеу істері мен ұйымдастыру құрылымдарының негізгі бағыттарын талдаудың барысын қорыта келгенде, жоғары оқу орнында тәрбиелеу үрдісін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың функционалдық аспектісіне жүргізілген жүйелі сипаттама болып саналды. Жинақталған нәтижелер дене шынықтыру және спорт шараларын қолдану мен студенттердің әлеуметтік-жеке бастық тәрбиесін басқарудың тұғырнамасын құрастыруға негіз береді.

Кілтті сөздер: әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару үрдісі, жоғары оқу орындары, тәрбиелеу, басқарушылық әрекеттер, студенттерді тәрбиелеудегі әдістер мен ұйымдастыру түрлері, дене шынықтыру, спорт шаралары, әлеуметтік жүйе, басқару функциялары, педагогика теориясы.

Студенттердің тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару тұжырымдамасы бойынша тәрбиелеу әрекеттестігіндегі нысан мен үрдіс жағдайына ғылыми негізделген көзқарас жүйесі бойынша түсіну қажет.

Жоғары оқу орнындағы тәрбиелеу үрдісінің әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару тұжырымдамасының басты көріністегі ғылыми негіздемелері студенттердің тәрбиесін ұйымдастыру әдісі мен түрлерін, функцияларын, принциптерін, заңдылықтарын анықтау болып табылады.

Тұжырымдаманың ғылыми дәйектемесінің негізінде студент жастарды тәрбиелеуде әлеуметтік-жеке тұлғалық басқаруды мақсатқа бағытталған жүйеге қалыптастырып, жоғары оқу орнында білім беру үрдісінде оны жүзеге асырудағы ең қолайлы жолдары анықталады.

Біздің пікірімізше, бұл бағдар жол спорт пен дене шынықтырудың педагогикалық мүмкіндіктерін белсенді қолдану негізінде студенттерді тәрбиелеуде әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару тұжырымдамасының зерттемесі мен дәйектемесіне келеді.

Әлеуметтік-жеке тұлғалық басқаруды сипаттайтын белгілер (әлеуметтік менеджмент аясында) басқару заңдылығы мен әлеуметтік заңдарды мақсатқа бағыттап қолдану мен пайымдау, басқару әрекеттестігіндегі үрдістің үздіксіздігі мен жүйелігін қамтамасыз ету, басқару субъектісі мен басқарылатын объектіні үлгілеу, құбылыстардың сандық және сапалық өлшемдері, мемлекеттік, қоғамдық және шаруашылық менеджменттің өзара әрекеттестігі мен өзара байланысы болып табылады дейді В.В.Глухов [1].

Бұдан студент жастардың тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару жағдайына қарай әлеуметтік менеджмент принциптері мен заңдар қатарын мақсатты түрде қарастыру маңыздылығы ұсынылады.

Әлеуметтік басқару заңының жүйесінде адам жігері мен санасына тәуелсіз объективті әлеуметтік және экономикалық заңдар маңызды рөл атқарады. Олардың әрекеттері адамдар қызметтерінен көрінетін болғандықтан, объективті заң талабының қаншалықты орындалатыны есепке алынады. Адамдардың еңбегін біріктіре және үйлестіре отырып басқару жүйесі жетістікке жету жолында кездесетін қиындықтарды жеңіп және оны жүзеге асыру мақсатын белгілеуде кездесетін экономикалық және әлеуметтік заңдар талаптарын қатаң түрде есепке алуы керек. Е.В.Глушенко, Е.В.Захарова, Ю.В.Тихонравов [2] басты әлеуметтік заңдарға әлеуметтік даму заңдарын, әлеуметтік тұтастық заңдарын, әлеуметтік сертификат заңдарын т.б. жатқызады. Олардың пікірінше, заң категориясы заңдылық категориясымен бірдей деңгейде жүреді. Заңдылық та заң сияқты зерттеуге алынған заттың арасындағы ортақ, мәнді, қажет байланыстарды заңдастырады.

Б.Ф.Зайцевтың [3] пікірі бойынша, «заңдылық» ұғымы әлеуметтік менеджмент теориясында заңның дербес көрінісінің алғашқы тұжырымдамасы ретінде қарастырылады. Осы пікірлерге сүйене отырып, жоғары оқу орнында білім беру процесі барысында студенттер тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың заңдылықтар қатарын тұжырымдауға тырысып көреміз. Көрсетілген заңдылықтар басқару қатынасын жүйелі талдаудың нәтижесі болып, жоғары оқу орнының тәрбиелеу үрдісінде әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың құрылымы мен сипатын анықтайды. Олардың маңызды мазмұны келесі қағидалардан көрініс табады:

1. Студенттер тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару жүйесінің қоғамды дамытатын мәдени, әлеуметтік-саяси, экономикалық факторларымен шарттылығы.
2. Тәрбиелеудің ішкі жүйесіндегі басқарылатын мен басқарушының пропорционалдылығы, яғни бұл ішкі жүйеде өзара әрекеттестіктің барлық деңгейінде кездесетін тәрбиелеу міндетін шешуде олардың өзара қатынасын тиімді реттеуді пайдалану мақсатында жорамалдануы.
3. Тапсырманы шешуде тұлғалық және кәсіби даму тәуелділігіне қарай студенттер тәрбиесін әлеуметтік басқаруда орталықтандыру мен орталықсыздандырудың қолайлы арақатынасы.
4. Белгіленген құқықтар мен міндеттер аясында студент жастар тәрбиесін әлеуметтік басқаруда оқытушылар мен профессорлар құрамының түгел қатысуы.
5. Спорт пен дене шынықтыру сабақтарында қажеттіліктерін қамтамасыз етуде студенттер тәрбиесін басқаруды әлеуметтік бағдарлау, студент жастардың сапалы кәсіби дайындығы мен белсенді демалысына қажетті жағдай туғызу.

Көрсетілген заңдылықтар студент жастар тәрбиесін әлеуметтік-тұлғалық басқаруда жоғары оқу орнында басқару органдарында басшылыққа алынатын тиісті қағидаларға негізделеді. Бұл қағидалар тәрбиелеу үрдісіндегі басқарудың құрылымы мен механизмінің, сондай-ақ жүйесінің талабын анықтайды.

Басқару принциптері — басқарудағы заңдылық пен заңдарды қолданатын, кез келген жағдайдан шыға алатын басқарушы идеялар [4]. Олардың негізінде басқару әдістерінің жүйесі құрылады.

Әлеуметтік жүйемен басқару туралы әдебиеттерді қарастыру нәтижесі тәрбиенің әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару қағидаларын сипаттайтын бірнеше айыру белгісін анықтауға мүмкіндік туғызады:

- 1) қоғамның даму заңына, оның әлеуметтік заңы мен әлеуметтік тәртібіне деректі болу;
- 2) тәрбиенің әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару мақсаттарына сай келіп, тәрбиелеу әрекеттестігіндегі қатынасты, байланысты, негізгі сипатты қамту;

- 3) студенттер тәрбиесін басқаруда уақытша, әлеуметтік, тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу;
- 4) нормативтік-құқықтық реттеудің болуы.

Жоғарыда аталған белгілерді ескере отырып, жоғары оқу орындарындағы ұйымдастыру құрылымы мен тәрбиелеу қызметінің басты бағыттарын талдау студенттер тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқару қағидаларының қатарын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады:

- жоғары оқу орнында тәрбиелеу үрдісін басқарудағы барлық деңгей мен құрылымның өзара байланысы мен үйлесімді бірлігін болжалайтын тұтастық қағидасы;
- студент жастарды тәрбиелеу жұмыстарының негізгі саласының басқарылуы-ұйымдастыруды қамтамасыз ету қағидасы;
- орталықтандыру арақатынасының тиімді басқару принципі және төменгі буындардың дербестігі, тәрбиелеу міндетін атқаруда студент ұжымының өздерін басқара алуын қамтамасыз ету;
- жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмыстарын іске асыруда сынай талдаудың нәтижесінде қабылданған көптеген еркін пікірталастар, сенімге толы гуманистік бағыттағы қағидалар;
- белгіленген мақсат пен бағалы бағыттың тұтастығына негізделген оқу ұжымының тәрбиелеу үрдісі шегіндегі субъектілердің тиімді өзара әрекеттестік қағидалары;
- жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмыстарының міндеттері мен мақсаттарының орындалуына сәйкес арнайы жауапкершіліктің үйлесуіне қарай қабылданған шешімді талқылаудың жариялылығы мен еркіндігі, әріптестік қағидалары;
- көпшіліктің қабылдаған шешіміне азшылықтың бағынуы және де азшылықтың білдірген көзқарасын есепке ала отырып, олардың құқықтарына құрметпен қарау қағидалары;
- жоғары оқу орнының белгілі лауазым иелері мен жоғары дәрежедегі басқарушылардың құзыреті бойынша жоғары оқу орнының жарлығына сәйкес қабылданған нұсқаулары мен шешімдердің қызметі төменгі дәрежедегілерге орындауға міндетті қағидалар;
- студенттер тәрбиесін әлеуметтік басқаруды болжау мен ғылымдық қағидалары;
- жоғары оқу орнына кәсіби дайындығы жоғары және оны тәрбиелеу үрдісінде тиімді қолдана алатын кадрларды тиімді іріктеу қағидасы;
- студенттер тәрбиесін басқаруға қатысатын жұмыс аппаратының барлығын, яғни жетекшілер мен оқытушылар құрамының еңбектерін, ынталандырушы әлеуметтік мотивация принципі;
- тәрбиелеу үрдісін басқарудың тиімділік және жүйелілік қағидалары;
- кері байланыстың міндеттілік қағидалары.

Көрсетілген қағидалар жоғары оқу орнында білім беру қызметінің бағытына сай тәрбиелеу үрдісін әлеуметтік-тұлғалық басқарудағы басты нұсқасын анықтайды. Ал принциптердің жоғары оқу орнында білім алу кезінде нақты жағдайларға байланысты студент жастардың тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқаруда функционалдық құрамын анықтай басқаратын байланыстар мен қатынастардың негізінде тиімді жүзеге асыра алатын мүмкіншілігі бар.

Әдебиеттердің талдауы И.И.Переверзин [5], Н.В.Жмарев [6], Б.Ф.Зайцев [3], В.И.Жолдак, В.Н.Зуев [7], әлеуметтік-ұстаздық үрдісті басқару функциясын мақсатты белгілейтін басқару қызметінің нақты түрі деп айғақтайды. Олар мақсаттар мен қызметтердің немесе қосымша нысандардың бірыңғайлығын сипаттайтын басқарудың өзіне тән түрлерінің анық құрамын анықтайды.

Басқару функциясы басқарылатын нысанның заңдылығының іске асуы мен дамуын есепке алады. Олар құрамы мен мазмұны ең төменгі дәрежеде тәуелді нақты ерекшелігі бар ұйымдардың басқару жұмысының бағыты мен жалпы міндеттерін сипаттайды дейді А.И.Китов [8], В.И.Кноринг [9].

Жоғары оқу орнында тәрбиелеу үрдісін басқару функциясын жіктеу басқару қызметінің түрлері мен дара міндеттерін анықтауға мүмкіндік туғызып, тиімді ережелердің жүзеге асу рәсімін реттейді. Бұдан басқару үрдісін қайталанушы циклді сипаты бар, белгілі бір әрекеттің дәйекті түрде бір-бірін алмастыратын қатар ретінде қарастыруға болады. Дара басқаратын әрекеттестіктің біршама дербестігі бар және басқару циклінің белгілі бір сатылары мен кезеңдері бар болып табылады.

Е.В.Глущенко, Е.В.Захарова, Ю.В.Тихонравовтардың пікірінше, басқару циклінің дәйекті түрде алмасу сатыларына сай субъекті басқару сияқты әрекеттер басқару функциясы деген атқа ие болды. Басқару технологиясын ашатын бұл функциялар жан-жақты, объекті басқаруға қатыссыз кез келген басқару үрдісін сипаттайды [2].

Уақытша айнымалылық белгісі бойынша бөлінетін функциялар жалпы (негізгі) басқару функциясы атына ие болды. Нысанға ықпал жасаушы бағыттағы мазмұннан бөлінетін функцияларды басқарудың нақты (немесе арнайы) функциясы деген атау қалыптасқан.

Басқару функцияларын салыстырмалы талдау (шетелдік және отандық әдебиеттерден алынған мәліметтер бойынша) басқару ғылымының тарихи даму кезеңдерінде функционалдық құрамы бірнеше өзгерістерге ұшырағанымен, басқарудың негізгі функциялары іс жүзінде бүгінгі күнге дейін өзгермей қалғандығын айғақтайды Г.Саймон [10], С.Г.Сейранов [11].

Басқару функцияларын жіктеп, нақты құрамын анықтау басқарушы мен басқарылатын жүйенің сәйкес келуінен, басқару үрдісінің мазмұнын сапаттайтын диалектикалық бірліктен шығады. Студенттер тәрбиесін басқаратын функциялар субъектіні басқаруда қоғамның білім беру ортасында кездесетін түрлі өзгерістерге тиімді реакцияны қамтамасыз етуге міндетті.

Студент жастар тәрбиесін әлеуметтік-тұлғалық басқару үрдісінің мазмұнын жүйелі талдау жоғары оқу орнында тәрбиелеу міндетін атқаруда басқару қызметінің функциясын жіктеуді нақтылауға мүмкіндік туғызды.

Осының нәтижесінде студенттерді тәрбиелейтін жұмыстардың барлық түрін сипаттайтын басқару функциясының үш түрі анықталды: жалпы, әлеуметтік-психологиялық және технологиялық. Жалпы функция жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмысын басқару үрдісінің негізгі сатыларының мазмұнын барлық иерархиялық деңгейде қамтиды. Әлеуметтік басқару жүйесіне жүргізілген түрлі зерттеу кестесі жалпы функцияға мақсатты түрде құру, жоспарлау, ұйымдасу мен бақылауды жатқызуға болатынын көрсетті.

Әлеуметтік-психологиялық функция негізінде білім беру мекемелерінде қызмет-кәсіби қатынас сипатымен байланысты және екі әр түрлі функциядан тұрады: құқық берушілік пен мотивациялық.

Технологиялық функция кез келген иерархиялық деңгейде басқару қызметінің екі ең басты түрін, яғни шешім қабылдау мен коммуникацияны, анықтайды. Соныменен, жалпы әлеуметтік-психологиялық және технологиялық функциялар бір-бірін толықтыра отырып, студенттердің тәрбиесіне ықпал етуші әдіс-тәсілдерді саралауға мүмкіндік туғызатын, дербес жетекшілерінің еңбегі мен басқару органдарын мамандандыратын жоғары оқу орнында тәрбиелеу үрдісін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың біртұтас жүйесін құрайды.

Жалпы функциялар білім беру процесінде субъектілерді тәрбиелеу қызметінің басқарудың жалпы ережесін қамтиды. Олар стратегиялық және оперативтік басқару шегіндей бірдей деңгейде қажет.

Басқару үрдісі біздің жасап шығарған жүйеге сәйкес белгілі бір уақыт барысында студенттерді тәрбиелеу жұмысының мақсаты мен міндетін жүйелеуден басталады. Сонан соң тәрбиелеу мақсатының белгіленген жетістігіне бағытталған іс-шараларды жоспарлау жүзеге асырылады.

Жоспарланған тәрбиелеу іс-шараларын жүзеге асыру белгілі бір ұйымдық құрылымның құрылуын, орындаушылардың қатысуын, олардың уақыт пен кеңістіктегі жұмыстарының үйлесімдігін қажет етеді.

Ұйымдық құрылымның аясында анықталған іс-шараларды ойдағыдай орындау есеп-қисапты, тәрбиелеу процесіндегі субъектінің қызметін реттеу мен тәрбиелеу әсерінің жүзеге асуын үнемі қадағалауды талап етеді. Тәрбиелеудің жалпы функциясындағы өзара байланысқан әрбір жұп пайдаланудағы «мақсат-құрал-нәтиже» топтамасын басқару шешімінің нұсқасы ретінде ұсынылады.

Бірінші нұсқаның «мақсат-жоспарлауында» жоспарлау процесі қарастырылған тәрбиелік іс-шаралар мен жоспарланған ықпалдастық анықталған педагогикалық мақсаттың жетістігін қамтамасыз ете алғанда ғана аяқталады. Олай болмаған жағдайда тәрбиелеудің міндеттері мен бастапқы мақсаттың құрылуына түзету енгізуге мәжбүр болады.

Нұсқаның екінші кезеңіндегі «жоспарлау-ұйымдастыруда» жоспарланған тапсырмаларды ең тиімді жолмен шешуін қамтамасыз ететін ұйымдастырудың тәрбиелік әсерін іздестіру жүзеге асырылады.

Нұсқаның үшінші «ұйымдастыру-бақылауында» қабылданған ұйымдық шарттарда алауыздықтардың тууын болдырмауға бағытталған жоспарланған тапсырмалардың орындалуы мен шешім қабылдауына үздіксіз бақылау жүріп отырады. Қызметтердің мәнділігі мен масштабына қарай негізгі функциялардың арақатынасы жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмысын басқарудың иерархиялық деңгейіне байланысты сараланады.

Бұл жұмыста басқарудың жалпы функциясының әрқайсысын жүзеге асыру үшін басқару шешімі дайындалып, белгілі бір коммуникациялық байланыстар қалыптасады. Олар басқарудың жалпы функциясының аспапты (технологиялық) базасы болып табылады. М.В.Прохорованың [12] пікірінше,

студенттердің тәрбиесін басқарудың жалпы функциясының тәлімдік қыры олардың әлеуметтік-психологиялық функцияларын, яғни құқық берушілік пен мотивацияны, қалыптастырады. Тура осы көрсетілген функциялар көбіне жоғары оқу орнында тәрбиелеу процесін басқарудың әлеуметтік-жеке тұлғалық бағытын анықтайды және қазіргі зерттеудің контекстінде ерекше қызығушылық танытады. Басқарудың әлеуметтік-жеке тұлғалық функциясы білім беру қызметінің барысында пайда болатын адамдардың ара қатынасын реттеуді қамтамасыз етеді. Белгілеп өткендей, басқарудың әлеуметтік-психологиялық функциясына құқық берушілік пен мотивация жатады. Бұл екі функция да тәрбиелеу процесін жүзеге асырушылардың әрқайсысының өкілдігі мен міндеттерінің құрамын анықтауға, жоғары нәтижеге жетуге ынталандыратын қызметтерге жағымды жағдайлар қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Басқару қызметінің объектісіне ғылыми негізделген технологияның, психология-педагогикалық әсердің жоқтығынан студент жастарды тәрбиелеудің басқару практикасында бұл функцияларды жүзеге асыру жиі кідіреді.

Педагогикада теорияның ғылыми дамуының қазіргі жағдайы жоғары оқу орнында тәрбиелеу жұмысын басқарудың практикасында әлеуметтік-психологиялық функцияның жүзеге асуына қарай осы саладағы кейбір арнайы құрастыруларды бейімдеуге мүмкіндік туғызады. Бұл жерде басқарудың демократиялық стиліне негізделетін гуманистік іскерлік ынтымақтастытың технологиясы туралы айтылу көзделген. Құқық берушілік пен мотивация функцияларына қарай көрсетілген технологияны қарастыру білім беру қызметінің шарттарына сай студенттер тәрбиесін басқару процесін оңтайландырудың тиімді жақтарын ашуға мүмкіндік туғызады.

Құқық берушілік (өкілеттілік) басқару функциясы сияқты тапсырма беру мен оның орындалуын жауапкершілікке алатын құзыретті тұлғаны немесе топты анықтау үрдісін білдіреді.

Мотивация студенттер тәрбиесін басқару функциясы сияқты білім беру қызметінің барлық қатынасушыларын алға қойған мақсатқа жету үшін ынталандырушы үрдіс болып табылады. Студент жастардың тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың функционалдық құрамын жүйелі суреттеуде технологиялық функцияның жалпы сипатына тимей өтсек, толық болмайтыны анық.

Технологиялық функция тәрбиелеудің басқару әдісі мен процесс мазмұнын сипаттайды. Ол екі басты компоненттен тұрады: байланыс (коммуникация) және шешім. Басқарудағы байланыс дегеніміз — басқару шешімін дайындаудағы және қамтамасыз етудегі ақпараттың алмасуы. Байланыс тәрбиелеу процесін басқаратын функциялар сияқты студенттер ортасындағы тәрбиелеудің тиімді әсерін басқару мақсатында ақпараттық ағымды пайдалы ұйымдастырумен айналысады.

М.В.Проخورова [12] мен А.И.Купринаның [13] пікірінше, студент жастардың тәрбиесін басқару жүйесінде байланыстың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- жоғары оқу орнында тәрбиелеуді басқаратын әр буынға ақпараттың қажеттілігін жоспарлау мен анықтау;
- тәрбиелеу жұмысын басқаруда ақпараттың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- басқару шешімін қолайлы жүзеге асыру мен дайындық рәсімі мен тиімді тәсілдерін қалыптастыру;
- жоғары оқу орнында студент жастардың әлеуметтік және жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуын басқаруда озық технологиялық ақпаратты жасап шығару және енгізу;
- тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың әр түрлі буынында тәртіптің орындалуын қамтамасыз ету, басқару шешімін үйлестіру мен бақылау.

Студент жастардың тәрбиесін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың басты үлгісінің жүйелі талдауы қабылданған басқарудың шешімі тәрбиелеуді басқаруға әсер ететін ең тиімді тұжырымдаманы жасап шығаратын әрі жүзеге асыратын басты аспабы болып табылатынын көрсетеді. Бұдан басқару шешіміне ұсынылған негізгі талаптары мыналар болып табылады:

- мақсатты бағыт, шешім студенттер тәрбиесін белгілі бір жетістікке жеткізу мақсатында қабылдануы қажет;
- иерархиялық субординация, тәрбиелеу міндеттерін атқаруда субъектінің басқару шешімі құқық берушілік өкілдігімен сәйкестенуі қажет;
- дәлелділік, шешім объективті дәлелмен тиімді қолданылуы керек;
- мекен-жайлылық, тәрбиелеу саласындағы шешім кеңістік пен уақытқа бейімделіп, нақты бір жеке тұлғаға бағытталуы қажет;
- қамтамасыздық, шешім қажет қорларды қарастырып, оның алу жолдарын белгілеуі керек;
- нұсқаулық, шешім жоспарлық және кешенді сипатта болып орындаушылар үшін парыз болуы қажет.

Қорыта келгенде, жоғары оқу орнында тәрбиелеу үрдісін әлеуметтік-жеке тұлғалық басқарудың функционалдық аспектісіне жүргізілген жүйелі сипаттама басқару қызметінің тәжірибесінде көрсетілген функциялардың технологиясын жүзеге асырумен қатар, негізгі әдіс-тәсілдеріне талдау жасауға мүмкіндік туғызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Глухов В.В. Основы менеджмента: Учебник. — Минск: Изд-во БГЭУ, 1996. — С. 18–26.
- 2 Глуценко Е.В., Захарова Е.В., Тихонравов Ю.В. Теория управления: Учебный курс. — М.: Вестник, 1997. — 332 с.
- 3 Зайцев Б.Ф. Система методов управления. — М.: Просвещение, 1989. — С. 25–38.
- 4 Афанасьев В.Г. Общество: системность познания и управления. — М.: Политиздат, 1981. — 432 с.
- 5 Переверзин И.И. Управление физической культурой и спортом: Учебник для ин-тов физ. культуры. — М.: Физкультура и спорт, 1987. — 287 с.
- 6 Жмарев Н.В. Управление деятельностью спортивной организации. — Киев: Здоровье, 1989. — С. 14–18.
- 7 Жолдак В.И., Зуев В.Н. Управление в сфере физической культуры и спорта. — М.: Мин-во по ФК, спорту и туризму РФ, 2000. — 328 с.
- 8 Китов А.И. Психология хозяйственного управления. — М.: БЕК, 1994. — С. 62–68.
- 9 Кноринг В.И. Искусство управления: Учебник. — М.: БЕК, 1997. — С. 36–39.
- 10 Саймон Г. Менеджмент в организациях. — М.: Экономика, 1995. — С. 44–51.
- 11 Сейранов С.Г. Введение в менеджмент физической культуры и спорта: Учеб.-метод. пособие для студентов академий и ин-тов физ. культуры. — М.: РГАФК, 1996. — С. 5–21.
- 12 Прохорова М.В. Теоретические и методические основы формирования управленческой компетенции специалистов по физической культуре и спорту: Автореф. дис. ... д-ра пед. наук. — СПб., 1993. — 43 с.
- 13 Куприна А.И. Мониторинг как средство повышения качества управления образовательным процессом: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Екатеринбург, 1999. — С. 11–18.

Е.Б.Омаров

Анализ основных направлений воспитательной деятельности и организационной структуры высших учебных заведений

В статье приводится системный анализ основных направлений воспитательной деятельности и организационной структуры высших учебных заведений, который позволил уточнить классификацию функций управленческой деятельности в решении воспитательных задач в вузе. Системное описание функционального аспекта социально-личностного управления воспитательным процессом позволяет перейти к анализу основных методов и технологий реализации данных функций в практике управленческой деятельности. Полученные результаты дают основания для разработки основных положений концепции социально-личностного управления воспитанием студентов с использованием средств физической культуры и спорта.

This article provides a systematic analysis of the main directions of educational activities and organizational structure of higher education institutions, as well the content of socio-personal management education of students who made it possible to clarify the classification of the functions of management in dealing with educational problems in high school. These results are proving that the previously used methods and tricks were directed basically to solution of different kinds of problems. These methods and tricks carried out definite functions which are organically follow from sport activity of students.